

Қайратұлы С.¹, Құранбек Ә.²

¹философия докторы (PhD), әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: samat.kayratuly@gmail.com

²философ. ғ.к., қауымдастырылған профессор, Илияс Жансүгіров атындағы
Жетісу мемлекеттік университеті, Қазақстан, Талдықорған қ., e-mail: assetabaiyly2017@gmail.com

МӘДЕНИЕТ МОДЕРНИЗАЦИЯСЫ ТЕОРИЯЛАРЫНЫҢ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ АСПЕКТИЛЕРІ

Мақалада мәдениет модернизациясы модернизация үдерісінің сан қырлы қызметінің бірі екені көрсетілді. Мәдениет модернизациясының әлемдік және ұлттық сипаттамалары болатыны айқындалды. Мәдениет модернизациясын зерделеуде оның мәдени-дүниетанымдық, эстетикалық негіздерінің мазмұны мен тәлғумалық құрылымына әлеуметтік-философиялық түсініктемелер берілді. Мәдени әмбебаптылық батыстық мәдени ортаға тән заңдылық ретінде тұжырымдаудың қисынсыздығы дәйектелді. Әлемдік мәдениеттер матрицасында өзге мәдени парадигмалар күрделі қатынастар қисынымен қалыптасып, оңтайлы өрбу үстінде екені көрсетілді. Қазіргі кезде модернизацияның мәдени бағдарламасын үнемі қайта игеру оның жаңа түрлерін, балама модельдерін жасап шығудың жолдарын сипаттап берді. Мақалада мәдениет модернизациясы күрделі сала екені және оны алуан түрлі сипатта қарастырудың маңыздылығына ерекше мән берілген. XX ғасыр ортасында әлемдік модернизацияның көптеген теориялары дүниеге келді. Олардың қатарын модернизацияның классикалық теориясы, постмодернизация теориясы, экологиялық модернизация теориясы, рефлексивті модернизация теориясы, модернизацияның ауқымдылығы теориясы, екінші деңгейлі модернизация теориясы және тағы басқалары толықтырса, авторлар аталған модернизацияның алты моделіне философиялық шолу жасайды.

Түйін сөздер: мәдениет, модернизация, мәдениет модернизациясы, мәдениет философиясы, эстетика.

Kairatuly S.¹, Kuranbek A.²

¹Doctor of Philosophy (PhD), Al-Farabi Kazakh National University,
Kazakhstan, Almaty, e-mail: samat.kayratuly@gmail.com

²Candidate of Philosophy Sciences, Associate Professor, Ilyas Zhansugurov Zhetysu State University,
Kazakhstan, Taldykorgan, e-mail: assetabaiyly2017@gmail.com

Philosophical aspects of the theory of cultural modernization

This article considers cultural modernization as one of the functions of the modernization process. Cultural modernization is both global and national. The article presents a socio-philosophical analysis of cultural modernization and its cultural, ideological and aesthetic aspects. The inadmissibility of Western cultural modernization as a universal regularity is shown. In the world cultural matrix, different cultural paradigms develop on their own cultural basis. At the present stage, the constant development of the cultural modernization program has shown the need to develop new models. In the article, the authors emphasized the complexity of modernization and the importance of its study in a multifaceted aspect. In the middle of the twentieth century, there were many theories of worldwide modernization. Among them: classical theory, theory of postmodernization, ecological theory of modernization, reflexive theory of modernization, theory of plurality of modernization, secondary theory of modernization, etc. In the article the authors give a philosophical review of six theories of modernization.

Key words: culture, modernization, modernization of culture, philosophy of culture, aesthetics.

Қайратұлы С.¹, Қуранбек А.²

¹доктор философии (PhD), Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы, e-mail: samat.kayratuly@gmail.com

²кандидат философских наук, ассоциированный профессор, Жетысуский государственный университет имени И. Жансугурова, Казахстан, г. Талдыкорган e-mail: assetabaiuly2017@gmail.com

Философские аспекты теории культурной модернизации

В данной статье рассматривается культурная модернизация как одна из функций процесса модернизации. Культурная модернизация бывает как мировой, так и национальной. Авторами дается социально-философский анализ культурной модернизации и его культурно-мировоззренческих, эстетических аспектов. Показана неприемлемость западной культурной модернизации как универсальной закономерности. Во всемирной культурной матрице разные культурные парадигмы развиваются на собственной культурной основе. На современном этапе постоянное развитие культурной программы модернизации показало необходимость разрабатывать новые модели. В статье авторы акцентировали особое внимание на сложность модернизации и важность ее изучения в разностороннем аспекте. В середине XX века появилось множество теорий всемирной модернизации. Среди них: классическая теория, теория постмодернизации, экологическая теория модернизации, рефлексивная теория модернизации, теория множественности модернизации, вторичная теория модернизации и др. В статье авторы дают философский обзор шести теорий модернизации.

Ключевые слова: культура, модернизация, модернизация культуры, философия культуры, эстетика.

Кіріспе

Мәдениет модернизациясы хақында ортақ анықтама мен зерделенген зерттеу парадигмалары тым жұтаң. Мәдениет модернизациясы – қазіргі мәдениеттің қалыптасуы, дамуы, трансформациясы мен халықаралық өзара әрекеттестігінің кешенді үдерісі (Чуаньци 2011: 195-196).

Жаһандану дәуіріндегі мәдениет модернизациясы үдерісі ұлттық және жаһандық деңгейлерде ықпалдастығын арттырып келеді. Әйткенмен, әлеуметтік ғылым салаларында ұлттық мәдени мұраны, интеллектуалдық дәстүрді байыптау ең негізгі басымдыққа айналып отыр. Әйткені, біріншіден жаһандану барысында ұлттық төлтумалықты сақтау жалпы ұлт атаулыға тән қозғалысқа, ал ұлт әлеуметтік-мәдени прогрестің басты субъектісіне, қозғаушы күшіне айналды. Екіншіден, этно-мәдени қауымдастық сыртқы ақпараттық және техникалық факторлармен қатар, ішкі этно-мәдени оңтайлы өзгерістерге қалай бейімделуде, әлеуметтік-психологиялық бейімділікке іштей дайын ба? деген сұрақтар күн тәртібіне ашық, өткір қойылып жатыр (Молдабеков 2008: 77-78).

Зерттеу жұмысының әдістемесі

Мақалада модернизация және мәдениет модернизациясы теориясы хақындағы отандық, шығыстық, батыстық зерттеушілер тұжы-

рымдамалары бағамдалды. Сонымен қатар, герменевтикалық, компаративистикалық, жүйелі талдау әдістері қолданылды.

Нәтижелері және талқылау

XX ғасыр ортасында әлемдік модернизацияның көптеген теориялары дүниеге келді. Олардың қатарын модернизацияның классикалық теориясы, постмодернизация теориясы, экологиялық модернизация теориясы, рефлексивті модернизация теориясы, модернизацияның ауқымдылығы теориясы, екінші деңгейлі модернизация теориясы және тағы басқалары толықтырды. Теориялардың барлығында модернизация үдерісіндегі мәдениеттің өзгерістері хақында тұжырымдамалар жасалынады (Чуаньци 2011: 204).

Модернизацияның классикалық теориясының ғұмыры XX ғасыр елуінші және жетпісінші жылдар аралығын қамтыды. Мұнда модернизацияның XVIII ғасырдағы батыстық өндірістік революциядан басталғандығы дәйектелді. Модернизацияны зерделеудің сызықтық моделі, оның теориялық-методологиялық құрылымы негізделді. Мәдениет модернизациясы немесе дәстүрлі қоғамнан қазіргі қоғамға көшу революциялық, радикалды, трансформация модельдері арқылы жүзеге асқандығы басты ерекшеліктер ретінде көрсетілді. Модернизацияның индустриализация, урбанизация, коммерциализация, әлеуметтік мобили-

зация, секуляризация, ұлттық идентификация, ақпарат құралдарының таралуы, білім беру, қазіргі саяси институттардың қалыптасуы, саяси белсенділіктің артуы секілді тетіктері мәдениеттегі өзгерістерге алып келді.

Классикалық модернизация теориясы модернизация үдерісін қоғамның дәстүрлі түзімінен қазіргі әмбебап мәдениетке трансформациясы ретінде біржақты қарастырды. Дегенмен, классикалық кезеңде мәдениет модернизациясы ғылымға арқа сүйеген жаңа білімге; жаңа білім беру және оның қолжетімділігі, ғылыми ойды таратуға; жаңа идея мен ойдың рационалдығы, секуляризация, ғылым мен техникаға сенім, модернизм, экономика және ұлтшылдыққа; жаңа рух: бостандық, демократия, ғылым, теңдік және адамшылдыққа; жаңа мақсаттар: прогресс, байлық, өзгеріс және сөз бостандығы, жеке тұлға құндылықтары мен мүмкіндіктерінің дамуына; әлемге жаңа көзқарас: тиімділікті білу, ашықтық және азаматтық белсенділік, сенімге деген ыңғайдың, жауапкершілік, жетістік және әділдік секілді ұстындарды басты сипаттамалар тұрғысынан бағамдады. Әлеуметтік өзгерістерді зерделеуде дамудың капиталистік моделіне басты назар аударылды. Сонымен қатар, социалистік құрылыс түбегейлі терістелмеді, модернизация үлгісі ретінде сарапталды (Побережников 2001).

XX ғасыр жетпісінші жылдары модернизация классикалық зерттеулерін постмодернизация теориясы ауыстырды. Постмодернизм модернизмнің қисынды жалғасы ретінде модерн институттары ғұмырын тоқтатқан жағдайда мүмкіндігі артты. XX ғасыр мәдениетінде дәріптелген көптеген мәдениет институттарының өлімін поэтикалық метафорадан гөрі постмодерн мүмкіндіктерінің шынайы жағдайлары сипатында қабылдаған жөн. «Тәңірінің өлімі», «Адамның өлімі», «Философияның өлімі», «Әдебиеттің өлімі», «Театрдың өлімі», «Музыканың өлімі», түбегейлі «Мәдениет» пен «Әлеуметтіліктің өлімі» постмодернистер үшін дәлелдеуден түсіндіруді мақұлдайтын жүзеге асқан факт. Өлім – постмодернистер үшін трагедиялықтан сипат алмайды, барлығы өледіге сайып келетін шынайы фактіні құрайды. Өлім – физикалық емес, рәміздік өлім. Өлім – «мәдениет парадигмаларының ауысуы». Өлімдердің барлығы постмодерн жалпы жағдайларын, постмодерн қоғамы мен мәдениетінің жағдайларын құрайды (Нуржанов 2012).

Экологиялық модернизация теориясы XX ғасыр жетпісінші жылдары дүниеге келді (Чу-

аньци 2011: 150-151). XX ғасыр сексенінші жылдарынан бастап батыстық өркениетті мемлекеттерде экологиялық модернизация зерттеудің объектісі ретінде ғалымдар арасында зерделене бастады. Тоқсаныншы жылдары мәселе күн тәртібіне қойылып, ауқымды ғылыми талқылаулардың өзегіне айналды. Қазіргі таңда экологиялық модернизация кең ауқымдағы қоғамдық сипат алып, мемлекеттік жоспарларға енді (Кудинова 2013).

Экологиялық модернизация теориясы модернизация мен қоршаған орта арасындағы өзара ықпалдастықты түсіндіреді. Теория негізінен еуропалық тәжірибелер тұрғысынан дәйектелген. Сонымен қатар, теория экономикалық тиімділік, әлеуметтік әділеттілік және табиғатқа қатынасында жағымды ұстындарға бағытталған дамудың жаңа моделін тұжырымдайды. Модель экономикалық өсім мен қоршаған ортаны қорғаудың үйлесімділігін дәріптейді. Қазіргі таңда экологиялық модернизацияға қатысты көптеген теориялар, тұжырымдамалар мен зерттеу жұмыстары дүниеге келді. Теория нақында ортақ анықтама жоқ, тек төрт мағыналық дәйектеме бар:

«Біріншіден, экологиялық модернизация экологиялық реформаларды әлеуметтанулық тұрғыдан түсіндіретін экоәлеуметтанудың теориялық өзегі.

Екіншіден, экологиялық модернизация технологиялық интенсивті экологиялық саясат пен трансформацияны түсіну мен талдаудың жаңа моделі.

Үшіншіден, сексенінші жылдардан бастап экологиялық модернизация экологиялық және экономикалық реформаларда дамыған мемлекеттер прогресінің шынайы бейнесіне айналып отыр.

Төртіншіден, экологиялық модернизация бастауын экологиялық сақтықтан алатын экономикалық және әлеуметтік трансформацияларды сипаттайтын әлеуметтік өзгерістер теориясы. Оларды өндіріс пен тұтыну, экологиялық және экономикалық саясат, заманауи технологиялар, үкімет әкімшілігі мен қазіргі институттар модельдерінің экологиялық модернизациясы құрайды» (Чуаньци 2011: 155).

Ульрих Бек рефлексивті модернизацияның теориялық идеясын тарихи аналогиямен түсіндіруге талпыныс жасады. Әлеуметтанушының пайымдауынша, модернизация аграрлық қоғамдағы таптық тежегіштердің құрдымға кетуіне жағдайлар жасады, кейінгі кезеңде индустриалдық қоғамның бітім-болмысын тоғыс-

тырып жіберді, сонан соң модерннің кейінгі кезеңі жаңаша қоғамдық конфигурацияларды дүниеге алып келді. Бұл конфигурацияларды зерттеуші рефлексивті модернизация деп атайды. Индустриалдық немесе рефлексивті модернизация тайталасы игеруді талап етеді. Себебі, біз өзгерістер өзегінің өзгерістері дәуірінде ғұмыр кешіп отырмыз. Индустриалдық немесе рефлексивті қоғамның бет-бейнесі назарға іліккен жағдайында ғана оған қарсы қойылған контрқазіргі дүниені интеллектуалды игеру мүмкіндігі туады (Бек 2000: 5-8). Сонымен қатар, батыстық модернизация теорияларының модерн және постмодерн кезеңдерін кешенді зерттеуші Бекет Нұржанов пікірінше, Ульрих Бек постмодернизм терминін жасандылыққа балап, кесімді сипатта қарастырады. Басқаша айтқанда, Ульрих Бек позициясын өзге модерн мен постмодерн терминдерінің тайталасы деп атауға болады. «Жаңа модернде» индустриализм жетекші әлеуметтік институт ретінде қала береді, сондықтан осы институттағы өзгерістер «тәуекел қоғамының» қалыптасуына алып келді (Нұржанов 2012: 40-42).

XX ғасыр тоқсаныншы жылдары модернизацияның мәдени әралуандылық пен плюрализм үдерістеріне батыстық зерттеушілер назарын аудара бастады. Модернизация теориясын кешенді зерттеулерде модернизация ауқымдылығы теориясы ғылыми талқылаулар назарына ілікті. Нәтижесінде, батыстық ғылыми қауымдастықта «модернизация ауқымдылығы» теориясы ғылыми термин ретінде сөздікке кірді. Модернизация ауқымдылығы теориясы қазіргі мәдениеттің алуантүрлілігі мен мәдениет өзгерістерінің біржақты емес табиғатын концептуалды дәйектеген тұжырымдама болды. Израильдік зерттеуші Шмуэль Эйзенштадт пайымдауынша, «модернизация көптігі – тарих және ғасыр ортасындағы модернизацияның классикалық теориялары түсініктерінен ерекшеленетін қазіргі уақыт хақындағы ой. Модернизация түрлі мәдениет кестелері мен жүйелі модельдерге жатады. Плюрализм мен алуантүрлілік қазіргі бірегей және әртүрлі қоғамдар қалыптасуындағы басты детерминант деп есептеледі» (Цуаньци 2011: 205).

Шмуэль Эйзенштадт пікірінше, кез келген өркениетті дамудың өзегі сол өркениеттің мәдени қайнар бастауларын игеруден, шығармашылық тұрғысынан зерделеуден бастау алады. Мәселен, «Менің зерттеу жұмысымның бастапқы нүктесі ұлы өркениеттерге тән базистерді сараптаудан тұрады, олардың еуропалық тәжірибе мен ұлы

революцияларға трансформациялануындағы антиномиялардың қалыптасу ерекшеліктері. Аталған өркениеттер ерекше тұстарының біріне олардың ішінде трансцендентті және дүниеауи тәртіптің арасындағы қатынас туралы балама, бәсекелі түсініктердің үнемі дамып отыруы жатады. Бұл балама тұжырымдар өркениеттердің өздеріне тән негіздері мен олардың институционалды құрылымының сақталуы үш негізгі антиномияның мәнмәтінінде қалыптасты. Біріншіден, бұл трансцендентті түсініктер мен олардың жүзеге асуымен тығыз шиеленіскен ауқымды алуан түрлі мүмкіндіктерді игеру. Екіншіден, парасат пен сенім арасындағы қайшылықтардың қыза түсуі немесе олардың баламасы ретінде монотеистік емес типтегі діндерге жүгінген «кіндік» – емес өркениеттер. Үшіншіден, осы түсініктердің әлеуметтік институттарда бастапқы тұрпатында толыққанды жүзеге асуына деген талпынысымен байланысқан мәселелер», – деп қорытады (Эйзенштадт 1999: 23).

Екінші деңгейлі модернизация теориясының іргесін қытайлық ғалым Хэ Цуаньци қалады. Профессор Хэ Цуаньци теорияны дәйектей келе, мәдениет модернизациясын ғылым мен модернизация теориясы ауқымында қарастырады. Автордың пайымдауынша, «мәдениет модернизациясы – ұлттық және әлемдік модернизацияның маңызды аспектісі. Соңғы үш жүз жылда әлеуметтік, экономикалық және саяси модернизациялармен қатар, мәдениет модернизациясы әлем мен адамзаттың даму бағытын түбегейлі өзгертті (Цуаньци 2011: 195-196).

Хэ Цуаньци мәдениет модернизациясын – тұтас модернизацияның ұлттық және әлемдік деңгейдегі маңызды аспектілерінің бірі ретінде қарастырады. Зерттеуші, әлемдік мәдениет модернизациясының сегіз фактісін, он төрт тарихи тәжірибелерін дәйектейді (Цуаньци 2011: 196-198). Оның пайымдауынша, мәдениет модернизациясын зерттеу үш түрге бөлінеді: мәдениетті зерттеу, мәдениеттегі өзгерістерді зерттеу және мәдениет модернизациясын арнайы зерттеу.

Бірінші, мәдениетті зерттеу. Оған мәдениетті зерттейтін барлық теориялар кіреді. Теорияларды классикалық және қазіргі деп екіге бөліп қарастыруға болады. Қазіргі кезде маңызды дегендерін мәдениет капиталы, рецепциялары, қоғамдық саласы, мәдениеттің «жұмсақ» билігі, жүзеге асуына орай мәдени мұра, мәдениеттің алуантүрлілігі, мәдениеттің плюрализмі, модернизмі, постмодернизмі,

мәдениеттің қазіргіленуі, мәдениеттің пост-қазіргіленуі, локалдық және жаһандық мәдениет, экологиялық мәдениет, Интернет мәдениеті, цифрлық, ақпараттық және кибер-мәдениет, медиамәдениет, бос уақыт мәдениеті, ғылыми мәдениет және инновация мәдениеті, мәдениет индустриясы мен экономикасы, авторлық құқық индустриясы мен шығармашылық индустриясы.

Екінші, мәдениет өзгерістерін зерттеу. Мәдениет өзгерістерін зерттеу дегеніміз мәдениетті зерттеудің бір тармағы. Мәдениеттегі өзгерістер түсінігінің астарында адамзат мәдениетіндегі кез келген өзгерістерді түсінген абзал. Зерттеулер XIX ғасырда (немесе одан ерте) басталды және үш кезеңге бөлінуі мүмкін. Бірінші кезеңге XIX ғасырдағы мәдениет эволюциясын зерттеу жатады. Оның басты идеясы дарвинизм болды. XX ғасырдың басында анти-дарвинистік сипат алған екінші кезең басталды. Көптеген ғалымдар дарвинизмге сын тұрғысынан қарады және сол кезде мәдениет өзгерістері, мәдениет құрылыстары, диффузиялары, релятивизм, функционализм теориялары кең тарала бастады. XX ғасыр қыркыншы жылдары үшінші кезең басталды. Үшінші кезеңмен бірге мәдениет өзгерістерімен қоса мәдениет эволюциясы, мәдениеттің өзгерістері және мәдениет модернизациясы теориялары дүниеге келді.

Үшінші, мәдениет модернизациясын арнайы зерттеу. Мұндай зерттеулерде мәдениет модернизациясы жеке тақырып ретінде зерделенеді. Зерттеулер қашан басталғандығы жөнінде ешбір ортақ мәміле жоқ. Қазірше зерттеулерді шартты үш түрге бөлуге болады: концептуалдық (герменевтикалық), эмпирикалық және қолданбалы (Цуаньци 2011: 202-203).

Хэ Чуаньци әлемдік мәдениет модернизациясының үш ғасырлық үдерісін талдап, соңғы жүз жылдағы мәдениеттегі өзгерістер мен мәдениет модернизациясы хақындағы зерттеулерді жүйелей отырып «мәдениет модернизациясының жалпы теориясы» гипотезасын байыптап берді. Теорияда мәдениет саласындағы модернизацияны ғылым мен тұтас модернизация тұрғысынан түсіндіруге талпыныстар жасалынады. Автордың пікірінше, теория XVIII – XXI ғасыр аралығындағы мәдениет модернизациясына деген балама көзқарас. Теория анықтама, үдеріс, қорытынды, мәдениет модернизациясының динамикасы мен модельдері деп аталатын бес аспекіден, сонымен қатар, бес аспектінің сипаттамалары, принциптері мен модельдерінен тұрады (Цуаньци 2011: 206-213).

Ғылыми қауымдастықта мәдениет модернизациясы – үдеріс не теория ретінде батыстық құбылыс деген көзқарастар басым. Батыстық мәдениет дүниетаным ретінде эволюциялық жолмен модернизациялықтан постмодернизациялық кезеңге ығысты. Жаһандық үдерісте өзіндік ерекшеліктері мен болмысын дәріптеуде мәдениет гегемониясына, әлем бейнесін анықтауға талпыныстар жасады. Скотт Лэш батыстық модернизацияның модерн және постмодерн кезеңдерінің философиялық өзегі мәдениет дискурсына сайып келетіндігін пайымдайды. Автордың сөзімен айтқанда, батыстық «постмодернизм – мәдени сарындағы құбылыс. Постмодернизм – кеңістіктік-уақыттық конфигурация секілді мәдени парадигма қатарынан табылады. Олар кеңістіктік тұрғыдан алғанда жоғарғы-төмен икемделген құрылымда жүзеге асады, алғашқы формалардың шектен шыққан деформациясына қатысты өзге мәдени парадигма қалыптаса бастайды. Уақыттық тұрғыда дезинтеграциялану үшін өзгеше формаға көшу мақсатында, өзгеше мерзімділікке иелік етеді. Толкотт Парсонс «Әлеуметтік іс-әрекет құрылымында» діндердің қасиетті бастамаларының имманентті немесе трансцендентті өзгешеліктерін айқындағанда мәдени парадигма туралы сипаттағысы келген. Макс Вебер ежелгі иудаизмнен рационализм, универсализм, трансценденция мен этиканың тарихи тағдырын іздегенде, мәдени парадигманы белгіледі, шынында, аталған төрт элемент иудаизм тіршілігінің өзегі болатын. Қазір өзге мәдени парадигмаларды айқындауға мүмкіндіктер туып отыр. Мәселен, модернизм, реализм, барокко, готика секілді бағыттардың барлығы мәдени дискурс аясында жүзеге асқан. Зерттеушінің пікірінше, «мәдениет модернизациясы «сигнификация режимінде» жүзеге асады. Сигнификация режимдерін төрт негізгі компонент құрайды. Біріншісі, «мәдени экономика» – мәдени нысандарды өңдейтін нақты жағдай; екіншісі, сол нысандарды қабылдайтын нақты жағдай; үшіншісі, мәдени нысандарды өңдейтін және оларды қабылдаушы-тұтынушы арасындағы делдал – нақты институционализацияланған құрылым; төртіншісі, мәдени нысандар айналымға түсетін нақты орталар» (Лэш 2000: 83). Сонымен қатар, автор мәдени модернизацияның негізгі тетігін эстетикадағы реализммен тікелей байланыстырады. Себебі: «...модернизация зайырлы мәдениеттің діни мәдениеттен ренессанстық бөлінуі арқылы, кейін – XVIII ғасырға тән Канттық теориялық, этикалық және эстетикалық

әлемдердің үшжақты бөлінісі арқылы дүниеге келді. Мұндай дифференциация мен автономизация «реализмнің» өнер мен эпистемологияда кезекті дамуына серпін берді. Эстетикадағы реализм дифференциацияның үш негізгі сәттерінде ғана жүзеге асады:

1. Мәдениет әлеуметтік әлемнен тыс болуы тиіс. Эстетикалық реализм «репрезентацияның мүмкіндігіне негізделеді және бір түрдің мәні өзге түрдің мәнін сомдау қабілетіне ие. Репрезентациядан «символизм» ерекшелігі – екі жеке әлемнің тіршілік етуін болжамайды.

2. Эстетикалық реализм – эстетикалық пен теориялық ұстын арасының ажырауын болжайды. Бұл келесі маңызды деген факторлармен айқындалады: көркемсурет пен әдебиеттегі репрезентация ғылыми концепция мен гипотеза үшін «ақиқат» мағынасында қабылданбайды.

3. Эстетикалық реализм діни және зайырлы мәдениеттің бөлінуін болжайды, сонымен қатар зайырлы мәдениеттің көркем формаларға көшуін шартты етеді» (Лэш 2000: 85-86).

Скотт Лэш тұжырымына сәйкес, дифференциация мен автономизация жетілген мәдениет модернизміне алып келді. «Модерндік» мәдениеттің әрбір саласы автономды, «өзіне-өзі заңды» сапаға көшті. Мәдениет институттары өзін-өзі заңдастырды. Кез келген мәдени парадигманы төрт компонент құрайды. Мәдениет модернизмі дифференциация үдерісінде жүзеге асса, постмодернизмі де-дифференциация үдерісінде өріс алды: «(1) мәдениет нысандарын өңдейтін эстетикалық, теориялық, этикалық және т.б. түрлер арасындағы қатынас; (2) мәдениет пен әлеуметтік арасындағы қатынас; (3) мәдениет институттарын, мәдениет өнімдерінің айналым тәсілдерін, оларды құрайтын парадигманың «мәдениет экономикасы»; (4) сигнификация тәсілі – денотация, коннотация және референт арасындағы қатынас. Егер модернизация көрсетілген өлшемдер бойынша дифференциацияны болжаса, постмодернизацияда аталған компоненттер шеңберінде де-дифференциация жүзеге асады» (Лэш 2000: 86-87).

Батыстық мәдениет модернизация жөнінде алуантүрлі үдерістердің танымдық сипатын айшықтау барысында келесі тұғырнаманы ескермекке болмайды. Ең алдымен, үш басты мәдени сала өзінің автономиясын жоғалтады: «...эстетикалық сала теоретикалық және моральдік-саяси (этикалық) саланы отарлай бастайды. Екіншіден, Вальтер Беньямин болжаған мәдениет әлемінің «сарыны» өз мәнін жоғалтады, мәдениет мен әлеуметтік арасындағы бөлініс

тоқтатылады. Бұл жария және жоғары мәдениет арасындағы шекараның біртіндеп жойылуына, оның орнына бұқаралық аудиторияның келуімен байланысты. Үшіншіден, автордың дезинтеграциясы... немесе оның мәдени өніммен араласып кетуін сипаттай отырып «мәдени экономика», сондай-ақ, де-дифференциацияға айналады. ...Бірақ маңыздысы, репрезентация тәсіліндегі өзгеріс болып табылады... Постмодернизация... өзгешелікті өзектендіре түседі [денотация, коннотация және референт арасындағы]. ...Референттер көп жағдайда еске алатын ...сигнификацияның үлес салмағы сөз арқылы емес, имидж арқылы арта түседі. Сол секілді денотация сапасында референттер үлес салмағы артады» (Лэш 2000: 86-87).

Осы ретте ресейлік зерттеуші Е.Л. Скворцова жапондық эстетиканың танымдық ерекшеліктерін байыптаған ғылыми пікіріне тоқталып өткен қисынды болар. Ғалым жапондық эстетиканың өзіндік ішкі мәнін сипаттай келе оның батыстық үлгіден өзгешелігін айқындайды. «Осы уақытқа дейін идеясы тұрғысынан біртұтас эстетика ғылымы саналатын «батыстық» және «шығыстық» бөліктері бір-біріне деген қатынасында өзгеше тұрпатта қалып отыр, олардың шектесулері ереже бойынша механикалық сипатта жүзеге асуда. Мұндай «сәйкессіздіктің» себебіне («тіл ерекшеліктерінің» әралуандығы, соның ішінде аймаққа тән «иероглифтік мәдениетке») Қиыр Шығыс эстетикасының көп жағдайда тәжірибеге бағдарланғандығы жатса керек. Осындай мағынадағы эстетика тек көркемдік теория ғана емес, адамның тұрмыс-тіршілігінің, «тән парасаты», шебер адамгершілігінің тәжірибесі мағынасындағы сезім ретінде түсініледі. Нәтижесінде қиыршығыстық эстетикалық категориялар батыстыққа қарағанда әлдеқайда «кең» мағынада, олар эмоционалдық пен қатынастылыққа толы; онда интуитивтілік пен «логикалық әралуандылықтың» көптігі сонша, эстетикалық проблемаларды дискурсивті қабылдаушы және талдаушы рационалистік батыстық зерттеушілерді келеңсіз жағдайларға қалдыруда» (Скворцова 2012: 61).

Бірақ жапондық модернизация, соның ішінде мәдениет модернизациясы жөнінде Е.М. Моисеева пікірі мүлдем басқа арнадан шығады. Автордың пайымдауынша, жапондықтар үшін модернизм туралы пікірталас батыстық эстетика мен философиялық түсініктердің жай ғана пікірталасы емес. Бұл көп жағдайда ұлттың және оның әлемдік тарих мәнмәтініндегі орны туралы

пікірсайыс. Мәселені жапон қоғамының саяси, әлеуметтік-экономикалық және психологиялық өмірлік сәттерімен байланысынсыз еңсеру мүмкін емес. Әйткенмен, «модернизация жапон мәдениетінің архаикалық элементтерін өлтіре алмады, тіпті вестернизацияның өзі бұл мәдениетті батыстық мәдениетке айналдыра алмады. Постмодерн дәуірінде жапон мәдениетінің өзіндік болмысы модерн дәуіріндегідей өзіндік ерекшелігін сақтап қалды. Мәдениет «сапасы» өзгермеді, «дискурсивті кеңістік» өзгерді. Ескі элементтер жаңа мағынаға ие болды. Постмодерн жапондықтардың ұмытылған және жоғалған мәдени мұрасын өмірге қайта әкелді, заңдастырды» (Моисеева 2012: 44-48).

Ресейлік философ В.Г. Федотова: «Еуропадағы модернизация эволюциялық-органикалық жолмен жүзеге асты. Ол Батыс Еуропаны алдын ала жоспарланып қойылған бағдарламасыз, тұрғындарды дәстүрлі діни құндылықтар мен ұжымшылдық сынды жаңа мәдениет күйіне мобилизациялаусыз инновация, еркіндіктің христиандық құндылықтары, рационализм мен индивидуализм құндылықтары арқылы жүзеге асырды» (Федотова 2012: 139), – деген үстіртін баға береді. Зерттеуші модернизация мен мәдениеттің ажырамас ұғымдар екенін зерделей келе жеті сипатын ұсынады: «1) Батыс модернизациясы нәтижесінде модернистік мәдениеттің қалыптасуы; 2) мәдениетті қамтымайтын қоғам саласындағы модернизация, көбіне олқылықтарға әкеліп соқтырады; 3) сауатсыз немесе асығыс жүзеге асырылғанда дәстүрлі мәдениеттің модернизацияны жеңуі; 4) батыстық емес мемлекеттер модернизацияны жүзеге асыруда төлтума мәдениетін ескергені жөн; 5) модернизация барысында адамдардың тұрмыстық, әсіресе шаруа субъектілер мәдениетін ескеру; 6) модернизациялық мәдениеттің батыстық үлгімен сәйкес келе бермеуі, модернизациялық мәдениеттің жаңа түрлерінің қалыптасуы (Шығыстың жеке-леген мемлекеттері); 7) дәстүрлі мәдениет пен жаңа міндеттер негізінде батыстық емес мемлекеттердің модернизациялық мәдениетін қалыптастыру» (Федотова 2012: 146)

Модернизация батыстық құбылыс, алайда батыстық жолмен батыстық емес мәдениет өкілдері жүре алмайды, жергілікті төлтума иммунитет маңызды. Мәселен, Самюэль Хантингтон өркениетті адамдарды біріктіретін және оларды белгілі бір деңгейде мәдени өзіндік болмыспен қамтамасыз ететін жоғарғы мәдени

ұйытқы ретінде қарастырады. Осы мәнмәтін мен мән-мағынада өркениет түсінігі тіл, діл, дәстүр, тарих, дін, философия, әлеуметтік институттар мен адамдардың субъективті өзіндік бірегейлігі сынды жалпылама объективті элементтермен айқындалады. Зерттеушінің пікірінше, өркениеттік бірегейлік болашақта маңызды қызмет атқарады, кейінгі әлемнің бетпердесі бірнеше өркениеттің өзара ықпалдастығы негізінде және олардың арасындағы өзгешеліктің күрделене түсуімен қалыптасады. Нәтижесінде, болашақ қақтығыстар алдымен осы өркениеттерді өзгешелеп тұрған мәдени шекараларда жүзеге асады (Хантингтон 2003).

Қазіргі ғылыми зерттеулердің әдіснамалық мәселелері алуан түрлі. Осы тұрғыда, батыстық ғалым Иан Крэйбтің зерттеу әдіснамасы жөнінде ұстанымы өте маңызды. Зерттеуші: «мен, бір теория көмегімен қоршаған әлем ерекшеліктерін қамтығысы келгендерді қатты сынға алдым. Мұның орнына әлеуметтік өмір салаларының әрбірін жеке теориялық түсіну және түсіндіруді талап ететін алуан түрлі феномендер қатарынан тұрушы ретінде зерделеуді ұсынамын». Сонымен қатар: «түрлі көзқарастар күзіреттілік шегінен шығып кеткен жағдайды түсіндіру талпынысында өзара қайшылыққа түседі. ...Осы тұрғыда «барлығы жарайды» дегеніміз зерттеулерде көптеген теорияларды пайдалана аламыз дегенге сайып келеді, тіпті оның қисындылығы беймәлім жағдайдың өзінде барлық теориялық қайнарларды негізге ала отырып, сол немесе өзге нысанды айқындау барысында және қайта түсіну жолында оларды пайдаланамыз» (Крэйб 2000: 90-92), – деп көрсетеді. Мұндай принцип зерттеу объектісін жан-жақты қарастыруға мүмкіндіктер береді.

Қорытынды

Қазіргі жаһандық әлем тарихтың аяқталмағанын, модернизацияның мәдени бағдарламасын үнемі қайта игерудің нәтижесі оның жаңа түрін ғана емес, балама моделін жасап шығудың жолдарын сипаттап берді. Мақалада мәдениет модернизациясы күрделі сала екені және оны алуан түрлі сипатта қарастырудың маңыздылығы байыпталды. Себебі, алуан түрлі көзқарастар ортақ дәйектемені береді, бірін-бірі толықтыра түседі. Мәдениеттің алуан түрлі сипатына және мәдениет өзгерістерінің көптігіне қатысты мәдениет модернизациясы біртұтас болмайды.

Әдебиеттер

- Apter D.E. (1965). *The Politics of Modernization*. University of Chicago Press.
- Бек У. (2000). *Общество риска: На пути к другому модерну* / пер. с нем. В. Седельника, Н. Федоровой. Москва.
- Crook S. (1992). *Postmodernization: Changes in Advanced Society* / S. Crook, J. Pakulski, M. Waters. – London.
- Крэйб И. (2000). *Игра: хрестоматия* / пер. с англ. и нем. – 2-е изд. перераб. и доп. // *Контексты современности – 1: актуальные проблемы общества и культуры в западной социальной теории*. – Казань.
- Кудинова Г.Э., Розенберг А.Г., Розенберг Г.С. (2013). *Экологическая модернизация: становление, современное состояние и перспективы* // Самарская Лука: проблемы региональной и глобальной экологии. – Т. 22, № 2.
- Культурная модернизация (2011). // *Обзорный доклад о модернизации в мире и Китае (2001–2010)* / пер. с англ.; под общей редакцией Н.И. Лапина; предисл. Н.И. Лапин, Г.А. Тосунян. Москва.
- Лэш С. (2000). *Постмодернизм как культурная парадигма: хрестоматия* / пер. с англ. и нем. – 2-е изд. перераб. и доп. // *Контексты современности – 1: актуальные проблемы общества и культуры в западной социальной теории*. – Казань.
- Моисеева Е.М. (2012). *Постмодернистский научный дискурс в Японии* // *Восток*. №4.
- Молдабеков Ж.Ж. (2008). *Ұлттық идеяның әлеуметтік-мәдени негіздері және ағартушылық бағдары* // ҚазҰУ Хабаршысы. Философия, мәдениеттану, саясаттану сериясы. №2.
- Нуржанов Б.Г. (2012). «Смерть» институтов модерна // *Модерн. Постмодерн. Культура*. – Алматы.
- Нуржанов Б.Г. (2012). «Общество риска» Бека // *Модерн. Постмодерн. Культура*. – Алматы.
- Побережников И.В. (2001). *Теория модернизации: основные этапы эволюции* // *Проблемы истории России*. – Волот. Вып. 4: Евразийское пограничье. Екатеринбург.
- Скворцова Е.Л. (2012). *Специфика дальневосточной эстетики в воззрениях японского философа Имамита Томонобу* // *Восток*. №5.
- Федотова В.Г. (2012). *Модернизация и культура* // *Знание. Понимание. Умение*. №4.
- Хантингтон С. (2003). *Столкновение цивилизаций* / пер. с англ. Т. Велимеева, Ю. Новикова. Москва.
- Хелд Д., Гольдблатт Д., Макгрю Э., Перратон Дж. (2004). *Глобальные трансформации: Политика, экономика, культура* / пер. с англ. В.В. Сапова и др. Москва.
- Эйзенштадт Ш. (1999). *Революция и преобразование обществ. Сравнительное изучение цивилизаций* / пер. с англ. А.В. Гордона; под ред. Б.С. Ерасова. Москва.
- Eisenstadt S.N. (1996). *Japanese Civilization: A Comparative View*. University of Chicago Press.
- Eisenstadt S.N. (2002). *Paradoxes of Democracy: Fragility, Continuity, and Change*. Johns Hopkins University Press.
- Экологическая модернизация (2011). // *Обзорный доклад о модернизации в мире и Китае (2001–2010)* / пер. с англ.; под общей редакцией Н.И. Лапина / Предисл. Н.И. Лапин, Г.А. Тосунян. Москва.

References

- Apter D.E. (1965). *The Politics of Modernization*. University of Chicago Press.
- Bek U. (2000). *Obshhestvo riska: Na puti k drugomu modernu* / per. s nem. V. Sedel'nika, N. Fedorovoj. Moskva.
- Crook S. (1992). *Postmodernization: Changes in Advanced Society* / S. Crook, J. Pakulski, M. Waters. – London.
- Krjejb I. (2000). *Igra: hrestomatija* / per. s angl. i nem. – 2-e izd. pererab. i dop. // *Konteksty sovremennosti – 1: aktual'nye problemy obshhestva i kul'tury v zapadnoj social'noj teorii*. – Kazan'.
- Kudinova G.E., Rozenberg A.G., Rozenberg G.S. (2013). *Jekologicheskaja modernizacija: stanovlenie, sovremennoe sostojanie i perspektivy* // *Samarskaja Luka: problemy regional'noj i global'noj jekologii*. – Т. 22, № 2.
- Kul'turnaja modernizacija (2011). // *Obzornyj doklad o modernizacii v mire i Kitae (2001–2010)* / per. s angl.; pod obshhej redakciej N.I. Lapina; predisl. N.I. Lapin, G.A. Tosunjan. Moskva.
- Ljesh S. (2000). *Postmodernizm kak kul'turnaja paradigma: hrestomatija* / per. s angl. i nem. – 2-e izd. pererab. i dop. // *Konteksty sovremennosti – 1: aktual'nye problemy obshhestva i kul'tury v zapadnoj social'noj teorii*. – Kazan'.
- Moiseeva E.M. (2012). *Postmodernistskij nauchnyj diskurs v Japonii* // *Vostok*. №4.
- Moldabekov Zh.Zh. (2008). *Ul'tyq idejanyn aleumet'ik-madeni negizderi zhane agartushylyq bagdary* // *QazUU Habarshysy. Filosofija, madeniettanu, sajasattanu serijasy*. №2.
- Nurzhanov B.G. (2012). «Smert'» institutov moderna // *Modern. Postmodern. Kul'tura*. – Almaty.
- Nurzhanov B.G. (2012). «Obshhestvo riska» Beka // *Modern. Postmodern. Kul'tura*. – Almaty.
- Poberezhnikov I.V. (2001). *Teoriya modernizacii: osnovnye jetapy jevoljucii* // *Problemy istorii Rossii*. – Volot., Vyp. 4: Evrazijskoe pogranich'e. Ekaterinburg.
- Skvorcova E.L. (2012). *Specifika dal'nevostochnoj jestetiki v vozzrenijah japonskogo filosofa Imamiti Tomonobu* // *Vostok*. №5.
- Fedotova V.G. (2012). *Modernizacija i kul'tura* // *Znanie. Ponimanie. Umenie*. №4.
- Hantington S. (2003). *Stolknovenie civilizacij* / per. s angl. T. Velimeeva, Ju. Novikova. Moskva.
- Held D., Gol'dblatt D., Makgrju Je., Perraton Dzh. (2004). *Global'nye transformacii: Politika, jekonomika, kul'tura* / per. s angl. V.V. Sapova i dr. Moskva.
- Jejzenshtadt Sh. (1999). *Revoljucija i preobrazovanie obshhestv. Sravnitel'noe izuchenie civilizacij* / per. s angl. A.V. Gordona; pod red. B.S. Erasova. Moskva.
- Eisenstadt S.N. (1996). *Japanese Civilization: A Comparative View*. University of Chicago Press.
- Eisenstadt S.N. (2002). *Paradoxes of Democracy: Fragility, Continuity, and Change*. Johns Hopkins University Press.
- Jekologicheskaja modernizacija (2011). // *Obzornyj doklad o modernizacii v mire i Kitae (2001–2010)* / per. s angl.; pod obshhej redakciej N.I. Lapina / Predisl. N.I. Lapin, G.A. Tosunjan. Moskva.